


Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Оралханның тойы

**Қаламгердің туған жері оған жан-жақты
әзірленуде**



«Алтайдың Кербұғысы» атанған даңқты жазушы Оралхан Бөкейдің жетпіс жылдық мерейтойы жақын қалды. Түкпірдегі Шыңғыстай ауылында туып, асқақ Алтаймен мәңгі сырласып өткен сыршыл қаламгердің жүрегі сонау Үндістанның астанасы Делиде тоқтап, мәңгілік мекенін Алматыдан тапса да, оның рухы тегеурінді шығармаларынан ажырамағаны, оқырмандарымен бірге ғұмыр сүретіні анық. Ал Орағанның орамды ойлары кестеленген кез келген туынды қасиетті Алтайдан алшақ емес. Биыл жазушы туған өлке – Алтай асқарының етегінен орын тепкен Катонқарағай ауданы Оралхан Бөкейдің 70 жасқа толған тойын лайықты деңгейде атап өтпек. Жуырда Төр Алтай төл қаламгерінің тойына тас-түйін әзірленіп жатқанына куә болдық. Осы орайда Катонқарағай аудандық мәслихатының хатшысы Дүйсен БРАЛИНОВКЕ мерейтойға дайындық барысы туралы сауалдарымызды қойған едік.

– Дүйсен Зағыпранұлы, Орағанның 70 жасқа толу мерейтойы республика көлемінде атап өтілуде. Исі қазаққа, алыс шетелдерге аты мәлім қаламгер тойына дайындық барысы қалай?

– Иә, биыл ауданымыздың ғана емес, мұқым қазақтың мақтанышына айналған Оралхан Бөкейдің туғанына – 70 жыл. Ал жазушының мерейтойы туған жерінде бастау алуы тиіс. Сондықтан, Орағанның тойы Катонқарағай ауданынан бастау алатыны айтпаса да түсінікті. Осы ретте өткен жылы қараша айында аудан бойынша мерейтойды ұйымдастыру комиссиясы құрылып, жұмыс жоспары жасалды. Аудан басшылары мен Орағана жақын болған қаламгер ағаларымызбен бірге жоспарда көрсетілген жұмыстарды қолға алдық. Ең бірінші, қомақты қаржы керек болды. Өйткені, жазушының 70 жылдығына орай кітап шығару, туған ауылы Шыңғыстайды абаттандыру, қаламгердің мұражайын көркейту және ескерткіш орнату сияқты бірқатар іс-шараларды ойластырған едік. Мұны жүзеге асыру қаржыға тіреледі. Осы себепті Оралхан Бөкей атындағы қоғамдық қор құрылды. Оралғазы Мәуітұлы Қажаяев есімді азамат қордың төрағасы болып сайланды. Қордың басшылығымен қалталы азаматтарға жекелеген хаттар жаздық. Тұрақты түрде қордың отырысын өткізіп, атқарылатын жұмыстарды пысықтап тұрамыз.

Оралханның абыройы – ауданымыздың абыройы. Тиянақты ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде ешкім аянып қалған жоқ. Аудан көлеміндегі мекемелердің барлығы қал-қадерінше көмек қолын созып, бір күндік еңбекақыларын аударды. Қорға қажетті қаржының жинақтала бастауы ісімізді ілгері бастырды. Оның ең бірінші жемісі ретінде жуырда ғана жарық көрген «Біздің Оралхан» атты жинақты айтар едік. Аталған кітап Алматыдағы «Орхон» баспасынан мың данамен шықты. Жинаққа Оралхан Бөкейдің 1961 жылдан бастап 1970 жылға дейінгі бұрын-соңды кітаптарына енбеген мақалалары кірді. Өскемендегі Пушкин кітапханасында аудандық «Еңбек туы», облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газеттерінің тігіндісін ақтарып, шаң басқан сөрелерде ұмыт қалған шығармаларын жинадық. Зырян қаласының мұрағаттарында, сондай-ақ, халық арасында сақталған материалдардың барлығын жинастыруға талпындық.

Оралханның өлеңдері де бар екен. Табылған өлеңдер арқылы енді Орағанның ақындық ізденістерін тануға мүмкіндік бар. Жинақтың бірінші бөлімін жазушының жинақтарда жарияланбаған өлеңдері, әңгімелері және очерктері құрайды. Екінші бөлімге Орағанның көзін көріп, қолын алған сыныптастары, ауылдастарының естеліктері топтастырылды. Катонқарағай ауданының «Арай» газетінде ересектер мен балалар арасында Оралхан шығармаларына орай байқау жарияладық. Байқауға қатысқан шығармалардың үздік деп танылғандары жинаққа кірді. Сонымен қатар, Орағанмен бірге еңбек еткен, жүздескен, әңгімелескен, қаладан келген кезінде жанында бірге жүрген адамдар сөз алады. Өткен жылы белгілі қаламгерлер Әбіш Кекілбаев пен Фариза Оңғарсынова Катонқарағайға келіп, қонақ болған еді. Сонда біраз әңгімелер айтылып, Әбіш аға: «Оралханның 70 жылдық мерейтойын қалай өткізесіздер?», – деп сұраған. Кітап

шығару туралы жоспарымызды айтқанда, «Олай болса, бұл кітапқа біз де бір үлесімізді қосайық» деп уәде берген болатын. Жинақты даярлау барысында аталған жазушыларға хабарластық. Фариза апамыз Катонқарағайда біраз өлеңдер жазған-ды. Ақынның рұқсаты бойынша осы өлеңдерді қостық. Сол сияқты, жинаққа Әбіш Кекілбаевтің «Орман кезіп, олжалы оралған Оралхан» атты мақаласы енді.

– **Орағанның атында бірқатар мектептер, көшелер аталатыны белгілі. Кітапқа осы нысандар туралы деректер енді ме?**

– Әрине. Оралхан Бөкейдің есімін ұлықтауда осыған дейін атқарылған шараларды да қамтыдық деп ойлаймыз. Жазушының атында қанша көше, мектеп, ескерткіш бар? Қандай кітаптары шықты? Осының бәрін зерделеп, «Есімі мәңгі есте» атты мақала жаздым. Осыған орай суреттер жинадық.

– **Бүгінге дейін елімізде Орағанның атына қанша көше берілген екен?**

– Біздің қолымызда жазушы құрметіне берілген көшенің нақты саны жоқ. Бірақ, көзімізге түскен көшенің барлығын жинаққа енгіздік. Оралханның атына Алматы, Өскемен және Қызылорда қалаларында көше беріліпті. Сондай-ақ, төрт жерде жазушы атындағы мектеп бар екен. Оның бірі – Катонқарағай ауданының Белқарағай ауылында, екіншісі – Глубокое ауданында, үшіншісі – Өскемен қаласындағы №44 мектеп. Ал төртіншісі – Ұлан ауданының Ақтау ауылында орналасқан.

– **«Біздің Оралхан» жинағының ерекшелігі неде?**

– Өздеріңіз білетіндей, Ораған өз шығармаларында көбіне ауыл адамдарын суреттеді. Мәселен, осы уақытқа дейін ешқайда жарияланбаған «Қош, махаббатым» әңгімесін таптық. Мұндағы кейіпкер Балағаз – жазушының өзі, Жанна – Роза Қалиева есімді адам. Қазір Қарағандыда тұрады екен. Оның фотосын алғыздық. «Өзі сүйген» атты жақсы әңгімесі бар. Шығармада Алтай – Орынбай Нұралин және оның Күмісайым – Күмісай Нұрсәбитова деген әйелі туралы айтылады. Әйелі қайтыс болған. Кейіпкерлердің суреттерін таптық. «Ел мен жер» эссесіндегі Құмархан Баекин, шаруа шалдың кемпірі Әсипа Баекина, қымызшы апа Айтбала Баекина, «Ұстаз тағылымы» очеркіндегі кейіпкерлер Жуанхан Токсанбаев деген мұғалімінің суреттері бар. «Жастық оты» шығармасындағы Нұрахмет Шабатаевты Шымкенттен тауып алдық. «Үлкен жүректі ұстазым менің» атты «Лениншіл жас» газетіне жарияланған очеркіндегі Нина Самойлованы тауып, суретімен қоса естелігін де бердік. «Ақмарал» атты очеркі бұрынғы шыққан кітаптарының бірінде бар екен. Мұны да енгіздік. Онда Нұрзағила Қилыбаева деген кісі жөнінде айтылады. «Жылқышы жігітте» – Самаш Әбілқасымов, «Асуда» деген шығармасында жазылған кейіпкер – Мәлік Кітапбаев екенін білеміз. «Қойшы жұлдыз» шығармасындағы Әкпар Нұржақыпов жазушының тағы бір әңгімесіне де кейіпкер болған. «Адамдар неге жылайды?» шығармасы Тәшөк Нұрсалиев туралы. «Іздегенін тапты ма?» әңгімесіндегі Дөшен атты кейіпкердің прототипі – Сұлтанғазы Байжумин, Мұхтар – Мұхтар Тұқметов, «Екі жүз грамм энергия» әңгімесіндегі Қиса – Ұлықбек Сәрсенбин, «Күлпәштің ұршығы» әңгімесіндегі Күлпәш – Күланда Уәлиева, «Сайтан көпірдегі» аяғы үсіп қалатын Аспан шал – Қабылбек Күндебәев, «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасындағы Тортай – Нұртай Жанболов, «Жесірлер» шығармасындағы Мағрипа – Мағрипа Исаханова, «Жетім ботадағы» Нұқ – Нұқсара Пішенов, «Тау басында қар жатыр» очеркіндегі – Құмарбек Жатағанов, «Бес тиын» әңгімесіндегі бес тиынды жоғалтып алатын пошташы – Зарқұмар Оралтаев, «Биғаң» әңгімесіндегі Бимырза Байыров, «Иғаң» әңгімесіндегі Ниғмаш Ибраимовтың суреттерін жинастырып, осы кітап бетіне шығардық. Олардың кейбірі өмірден өтіп кетсе, кейбірі ортамызда бар.

Сонымен бірге жазушының әр кезде түскен суреттері енгізілді. Аталған кітап Катонқарағай ауданының мектептеріне, кітапханаларына және мерейтойға қатысушы қонақтарға таратылады. Бір айта кетерлігі, республика оқырмандары үшін «Орхон» баспасының директоры Дидахмет Әшімхан аталған кітапты жазушының жеті томдығына қосуды ойластырып отыр.

– **Жазушыға туған ауылы ескерткіш қоятын шығар?**

– Иә, қоғамдық қор мүшелері Катонқарағай ауылына жазушының үлкен ескерткішін қоюды жоспарлаған еді. Бүгінгі таңда ескерткішті Алматыда мүсінші Қадырхан Кәкімов жасап жатыр. Жуырда жазушы ескерткішінің саз балшықтан жасалған сұлбасы аяқталды. Катонқарағайда бұрынғы кинотеатр, қазіргі «Каратай» спорт кешені ғимаратының қасында бос алаңқай бар. Осы жерді шағын аллея ретінде жасап, ескерткішті орнатуды жоспарлап отырмыз. Ескерткіштің тұғыры ұзындығы 2,5 метр болатын мәрмәр тастан жасалады, ал Орекеңнің мүсінін тұтас денесімен қоладан құямыз. Оның биіктігі – 4 метрден астам. Сонда ескерткіштің жалпы биіктігі 6,5 метр болады. Ескерткіш түрегеп тұрған кейіпте орнатылмақ. Мүсіншілердің ұсынған жобасын мақұлдағанбыз. Жақында ғана Алматыға барып, Орағанды көзімен көрген жора-жолдас, інібауырларымен бірге мүсіннің батпақтан жасалған нұсқасын көрдік. Дидахмет Әшімхан, Қуанышбай Құрманғалиев, Байназар Нұралин сияқты бұрын қасында болған азаматтардың басын қосып, мүсінші шеберханасына барып, кемшілігі болса көзбен көріп, түзетуге кеңес беру мақсатында арнайы бардық. Өйткені, саз балшық кеуіп кетсе мүсінді түзеу мүмкін болмай қалады. Алайда, мүсін ойдағыдай жасалған екен. Енді осы қалыпта қоладан құю ғана қалды.

Шыңғыстай ауылын абаттандыру жүргізіліп жатыр. Оралхан оқыған мектептің ғимараты жаңадан салынған болатын. Қазіргі кезде бұл мектептің шатырын ауыстырып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Шыңғыстай ауылының кіре-берісіне стелла орнату, көшелердің барлығын асфальттау жұмыстары жүргізілуде. Аудан, ауыл әкімдері, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы, депутаттар және басқа да аз-кем қаражаты бар адамдарға дейін атсалысып, әлеуметтік ахуалы төмен үйлердің қақпасы мен қоршауларын жөндеп беруді мойнымызға алдық.

Ауыл азаматтары мешіт салып жатыр. Одан бөлек Шыңғыстайдың мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті. Мәдениет үйінің қасында Оралхан Бөкей бастауыш сыныпта оқыған екі қабатты үлкен мектеп ғимараты бар. Қанырап бос тұрған соң бұзуды ойластырғанбыз. Алайда, Катонқарағай ауылынан сайланған аудандық мәслихат депутаты Ертай Кешілбаев өзі қолға алып, аталған ғимаратты жөндеп жатыр. Сондай-ақ, балалар ойын алаңын жасап жатырмыз. Шыңғыстай ауылының жанынан ағатын Бұқтырма өзені тасыған кезде ауылға қауіп төндіретін. Осы өзенге бөгет жасалған болатын. Алайда, таудың асау өзені қатты тасығандықтан, біраз жерді су басу қаупі туды. Осы себепті бөгетті нығайту, қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Катонқарағай ауылында да бірқатар шаруалар атқарылуда.

Жуырда Шығыс Қазақстан облыстық өнер мұражайының жетекшісі Нұржази Әнуарбекқызы облыстың түкпір-түкпірінен 20 суретші әкеліп, табиғат аясында пленэр өткізді. Суретшілердің мақсаты – Орағанның шығармаларына арқау болған табиғаттың сұлу мүйістерін бейнелеу өнерінің туындысына айналдыру. Суретшілер қауымына ауданымыздың талантты оқушылары да қосылды. Қорытындысында көрме ұйымдастырып, ең үздік суреттерді ауданға сыйға тартты. Бұл туындылар Орағанның және ауданның өлкетану мұражайына қойылады. Аудан көлемінде Оралхан Бөкей атындағы жүлде үшін волейбол, футбол және тағы басқа спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп жатыр. Аудандық газетте мақалалар жарық көрді.

– **Мерейтойдың нақты уақыты белгіленді ме?**

– Бұл – облыстың жоспарына, ауа-райына байланысты шешіледі. Мерейтойға Орағанның үзеңгілестері мен қаламгерлер қауымын, өнер иелерін, облыс жұртшылығын шақырамыз. Мерейтой барысында ғылыми тәжірибелік конференция, аламан бәйге т.б. іс-шаралар өткізу ойда бар.

Өңгімелескен Думан АНАШ
журналист

Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы.